

Турарова Қ.Қ.

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ
ТЕСТ ЖҮЙЕСІН АЛАТЫН ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ**

Турарова К.К.

**МЕСТО И РОЛЬ СИСТЕМЫ ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКОГО ТЕСТИРОВАНИЯ ПО
КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ**

К.К. Turarova

**THE PLACE AND ROLE OF THE SYSTEM OF LINGUO-DIDACTIC TESTING
IN THE KAZAKH LANGUAGE IN HIGHER EDUCATION**

УДК:338:01/53.2

Еліміздің экономикалық байланыстарының кеңеюі қазақ тілінің мәдениет арқылы оқытылуына жол ашуда. Қазақ тілінің коммуникативтік күзiретiлiкке ие болуы тiлдiң қоғамы қажеттiлiктерiнен туындайды.

Қазақ тiлiнiң элеуметтiк қолданысының кеңеюi, iс қағаздарын жүргiзу тiлiне айналуы тiлдiң қолданыс аясының өркендеуiне әкелуде.

Бiлiмдi тексеруде педагогикалық тестiнi қолданудың маңызы зор. Педагогикалық тапсырмалар беру арқылы, соның iшiнде тест тапсырмалары арқылы қатысушылардың жеке танымдық әрекеттерiн жандандырып, сыналушылардың бiлiм сапасын арттыруға, педагогикалық еңбектiң нәтижесiн жоғарылатуға болады.

Тест (iезi ағылшын сөзi - сынау, сынама, байқау, бақылау, зерттеу деген мағына бередi) - психологиялық тұрғыдан адамның белгiлi бiр психикалық сапасын айқындау үшiн жүргiзiлетiн зерттеу. сынау әдiсi.

Тестiлеу ХХ ғ. басында зерттеу әдiсi ретiнде психодиагностикада - психология саласында кеңiнен дамыды. Психологиялықтест түрлерi: болжам жасау, болжамдық, диагностикалық. Жеке тұлғаның даралық-психологиялық қасиеттерiн, сондай-ақ бiлiмiн, бiлiгi мен машығын салыстырмалы шамалармен өлшеуге арналған стандартталған тапсырмалар психологиялық диагностиканың негiзгi әдiстерiнiң бiрi. Психологиялық тестiлермен қатар бiлiмдi тексеруде педагогикалық тест қолданылады. Педагогикалық тестi 1864 жылы ағылшын ғалымы Дж.Ф. Гринвич госпиталь жанындағы мектепте пайдаланды. Бiлiмдi тесi арқылы тексерудi америка психолог-педагогы С.Пресси мен оның әрiптестерi енгiзген. С.Пресси оқу жылында оқушының бiлiмiн тексеруге мың сағаттан астам уақыт қажет екендiгiн анықтаған соң, оны қысқарту мақсатымен тест тапсырмалары бар бағдарламамен жұмыс iстейтiн қарапайым техникалық құрылымдар құрылып, шешiм жолы ретiнде жоғары мектепте педагогика, психология пәндерiнен студенттердiң бiлiмiн тест арқылы тексеру технологиясы, бiлiм беру мен тестiлеудiң қорытындысын айқындау, оны жетiлдiру жолдарын iздестiру, тест түрлерiне, тест сұрақтарына талдау жасау. қатысушылардың бiлiм дәрежесiн дәл

анықтау, тексеру түрлерi мен әдiстерiне де байланысты. Тестология негiзiн салушы ХХ ғ. аяғында өмiр сүрген Ф.Гамильтон адамның жеке ерекшелiктерiн бағалау үшiн тестiлеудi құрастырып, кеңiнен қолданған [1].


Ғалымдар тестiлеудiң үшi кезеңiн атап көрсетедi:

- дәстүрлi, яғни ғылыми емес кезең, мұнда емтихан алушының жеке басының әсерi үлкен орын алады;

- психометрикалық-сұрылымдық кезең, қазiргi замандағы сөйлеу әрекетiнiн, жекелеген түрлерiнiң деңгейiн «жиыннан таңдау» әдiсiн қолдану арқылы өлшеу әдiстерi айтылады; мұнда тестологтар тестiнiн объективтiлiгi мен сенiмдiлiгiн жоғарылату үшiн олардың жарамдылығына және түпнұсқамен сәйкестiгiне көп назар аудара алмайды;

- психо-длеуметтi кезең, қазiргi заманда қарастырылып жүрген тестiлердiң нақты өмiр талаптары мен жағдаяттарына сәйкес келу мүмкiндiктерiн қарастыру кезеңi.

ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастап тестiнiң екiншi тiл үйрету саласына енгiзу басталғанымен, оның iшiнде ауызекi сөйлеу тiлiн тестiлеу туралы мәселе қарастырылмады десе де болады. Ал 30-50 жылдардағы жаңа элеуметтiк үрдiстер шет тiлiн меңгертудiң жаңа талаптарын қоя бастады. Кембридж университетiнiң профессоры Дж.О.Рош алғаш рет ауызекi сөйлеу тiлiн тестiлеу мәселесiн көтердi. Америкада тестiлердi қалыпка түсiрiп, стандарттар шығару мәселесi күн тәртiбiне өзектiлiгiмен 1951 жылы ашық қойылып, 1957 жылға дейiн стандарт әзiрлеу жүргiзiлген. 1957 жылы тестiлеудiң оқу, жазу ғана емес, ауызша сөйлеу түрi де енгiзiлiп, рейтераралық коэффициент шегi 0.84 - 0.96 болып белгiлендi. Тестiнi бағалауға бес баллдық шкала алынып, бағалау компоненттерi ретiнде лексика, грамматика, айту, сөйлеу жылдамдығы, түсiну анықталынды. Бұл шкалалар жыл сайын толықтылырып, жетiлдiрiлiп, 1984 жылы түсiну, лексикалану (семантикалық аспект), грамматикалық нақтылық, жылдамдық және дискурстық құзырет жаңа компоненттер болып қосылды.



Қазақ тілін өзгетілді аудиторияда оқыту әдістемесін қолдану тарихында қазақ тілінен меңгерілген білімді тест арқылы бақылау жүйесінің жоғары оқу орындарына 1994-1995-жылдары кезеңнен енгізіле бастады. Осы жылдардағы тестілеуді қазіргі тестілеу жүйесімен салыстыруға болмайды. Кеңестік дәуірде тестілік жүйенің В.Блонскийдің тестілік жүйесімен байланысты бірес тым мақталынып, кейін саяси тұрғыдан қудаланғаны белгілі. Тестілеу мәселесі баспа беттерінде талқылана бастады. Ауызша емтихан алу үдерісінің біртіндеп тестілік жүйеге ауысуы қазіргі кезге дейін ішінара жалғасып келеді. Тест туралы алғаш Ш.Сарыбаевтың еңбектерінде кездестіреміз.

Қазақ тілін оқытуда тест туралы құжаттамалық деңгейде болмаса да ғылыми ойлар мен ұсыныстар жасаған әдіскерлердің еңбектері бар. Ф.Ш.Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі» атты монографиясында тест туралы «Фонетикалық, лексикалық, грамматикалық минимумдарды және тапсырмаларды тіл үйренушілер қаншалықты дәрежеде меңгергенін, түсінген/түсінбегенін білу үшін оқушылардың арасында бақылаудың тестік түрін өткізуге болады» деп көрсетеді [2]. Ф.Ш.Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі» атты еңбегінде. Алматы, 2000, 190-191бб.]. Ал З.С.Күзекова «Дұрыс құрастырылған тест оқуға деген оң көзқарастың қалыптасуына көмектеседі және кез келген тіл үйренушіде жетістік сезімін, сондай-ақ өз білімінің оқытушы бағалауына сәйкес келетінін ынталануын да оятады. Тілдік тестілер олардан табандылықты талап ете отырып, тілді оқуға көмектеседі» деп өз ойын пайым дайды[3,126].

2006 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі «Қазақстан Республикасында қазақ тілін білу деңгешерін бағалау жүйесінің тұжырымдамасын» қабылдап, бекіткені белгілі. Бұл құжатта «Тұжырым-

дама мақсаты - қазақ тілін білу деңгейлерін бағалаудың мемлекеттік жүйесін қалыптастыру», - деп көрсетілді. [4].

Осыған дейін дәстүрлі тестілеу әдістері бойынша жасалып келген. Сөйлеу тіліндегі қатысымға негізделген тертілердің қажеттілігі айқын сезілді. Коммуникативтік тест тапсырмалары қатысым жағдаяттарында пайдаланылатын тілдік материалдарды екшеп, сұрыптап ала отырып, сол материалдар негізінде тілді білушінің тілді коммуникациялық мақсаттарға қолдана алуын тексеруге бағытталады [3, 22-29 бб.].

Лингводидактикалықтестінің педагогикалық ерекшелігі екі қырынан танылады:

- бір жағынан, ол тілді оқыту мен әдістемесінің саласы болғандықтан, тілдік және сөйлеу тестілерін зерттеу мен қолдану ерекшеліктерін зерттейді;
- екінші жағынан, жалпы тестологияның бір бөлшегі ретінде педагогикалық, пәндік тестілеу ерекшеліктерін қарастырады.

Лингводидактикалық тестілеу тарихы мына тестолог ғалымдардың еңбегінен бастау алған. Атап айтқанда, Л.В.Банкевичтің (1965), Й.Н.Гальцеваның (1967), Г.Ю.Князеваның (1968), Т.А.Королеваның (1969), И.А.Цатурованың (1969, 1970), С.П.Суворовтың (1970), И.А.Рапорттың (1987), В.А.Коккотаның (1989), Ю.Коач (1971) т.б.

Лингводидактикалық тестіге берілген анықтамалар көп және олар түрлі болып-келеді. Солардың ішіндегі Э.А.Штульманның анықтамасы бойынша, *лингводидактикалық тест дегеніміз* - барлық тіл үренушілерге тең жағдайда өткізілетін ұзақтығы мен сипаты жағынан объективтік факторлармен байланыстылығы сақталынған және орындалу нәтижелері осы тест алынып жатқан кездегі белгілі бір қорытындының көрсеткіші болып табылатын сандық бағалауға көнетін бақылау тапсырмасы.

Ал В.А.Коккотаның айтуынша, лингводидактикалық тест белгілі бір талаптар бойынша әзірленген тапсырмалар кешені, ол алдын ала оның сапалық көрсеткіштерін анықтау мақсатында тәжірибеден өткізіліп, тест тапсырушылардың тілдік және сөйлеу құзыреттерін анықтау бағытында өткізіледі.

Лингводидактикалық тестінің негізгі рөлі тілді екінші тіл ретінде оқыту барысында тіл үйренуші мен оқытушының арасындағы кері байланысты мүмкін етумен анықталады. Екінші жағынан, тестілеу тіл үйренушінің білімін бақылау мен бағалау үшін ұйымдастырылатын білім бақылау формасы ретінде танылады. Лингводидактикалық тестілеу мен тіл оқыту үдерісі тығыз байланыста болған сайын, тіл үйрету үдерісі мен тестілеудің сапасы да арта түседі. Тестілерді түрлі негізде топтастыруға, саралауға болады.

Осы салаларда көп еңбек жариялаған [5]. И.Рапопорт, Р.Сельг, И. Соттер өздерінің «Тесты в обучении иностранным языкам в средней школы» деген мұғалімдерге арналған көмекші құралында тестілерді мынадай топқа бөледі.

1.1.Қолдану мақсатына қарай:

- түсіндіру бағытындағы тестілер;
- диагностикалық тестілер;
- прогностикалық тестілер.

1.2.Бақылауды жүзеге асыруына қарай:

- ағымдағы бақылау тестілері;
- аралық бақылау тестілері;
- қорытынды бақылау тестілері; (оқу жылының

соңында)

- оқыту курсы аяқтау бойынша тестілер.

1.3.Бақылау бағдарламаларының мәртебесі бойынша:

- стандартталған тестілер; •стандартты емес тестілер.

1.4.Бақылау объектісі бойынша:

- тілдік материалды меңгеруін бақылайтын тестілер (біліктіліктер)
- сөйлеу біліктіліктерін бақылап, бағалайтын тестілер.

1.5.Бақылау әрекетінің сипатына қарай:

- лингвистикалық күзiрет тестiлерi;
- коммуникативтік күзiрет тестiлерi.

1.6.Тест тапсырмаларының бағытына қарай:

- дискреттік тестілер;
- ауқымды тестілер.

1.7.Норма немесе критерийлерге қатысына қарай:

- нормаға бағытталған тестілер;
- критерийлерге бағытталған тестілер.

Лингводидактикалық тестілеудің көпқырлы функцияларының ішіндегі маңыздысы ретінде оның оқу-ұйымдастырушылық және білім бақылаушылық қызметін атауға болады. Оқу-ұйымдастырушылық функциясына жататындар:

- оқытудың жемісті болуын болжау функциясы;

- оқуға дайындық деңгейін анықтау функциясы;
- жіберілетін қателіктердің алдын алу үшін диагностикалау;

• екінші тілді жалпы меңгеру барысын анықтау функциясы. *Бақылау функциясы:*

- ағымдағы үлгірiмдi анықтау функциясы;
- аралық үлгірiмдi анықтау функциясы;
- қорытынды білімді бағалау функциясы;
- тіл үйрету әдіс-тәсілдерінің тиімлігі мен сапалылығын анықтау функциясы;
- өз бетімен білім алуын бақылау функциясы.

Лингводидактикалық тест екі үлкен топқа жіктелінеді

- *тілдік тестілер;*
- *сөйлеу тестілері.*

«Тілдік тестілер» студенттердің лингвистикалық құзыретін тексеруге арналады. Лексикалық және грамматикалықтестілер тілдік тестілердің үлгісі болып табылады.

Ал «Сөйлеу тестілері» оқу, тыңдау-түсіну және басқа аталымдағы тестілер белгілі бір сипаттағы коммуникативтілік дәрежеге ие бола алады. Тілдік, сөйлеу немесе аралас тестілердің болмысы тестілеудің нысаны арқылы, яғни нақты мақсаты мен құрастырылған тестінің функциясы негізінде анықталады.

Тестілеу мақсатының түрлі болып келуіне қарай *лингводидактикалық тестілер* мынадай түрде жіктеледі:

- *оқу дүлетістіктерінің тестілері;*
- *екінші тілді жалпы меңгеруін тексеру тестілері;*
- *диагностикалық тестілер;*
- *цәблеттілік тестілері.*

Лингводидактикалық тест - сапалық көрсеткіштерін анықтау мақсатында тестіленушінің тілдік, сөйлеу құзiреттіліктерiн алдын ала сынақтан өткізу үшін нақты талаптар кешенімен сәйкес дайындалған тапсырмалар. Олардың нәтижелері белгіленген алдын ала жасалан талаптарға сай болуы керек.Қазақ тілін оқытуда тестілік жүйені қолдану - өзінің маңыздылығымен танылған тіл дамыту тетігі ретінде танылған белгілі.

Әдебиеттер:

1. Мұхамбетова С.Қ., Жәрменова Г.С., Дәрібаева С.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі -А., 2007 ж.
2. Оразбаева Ф.Ш. «Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі», Алматы, 2000, 190-191бб.
3. Күзекова З. Қазақтілі. Тестілеу теориясы мен практикасы. Алматы, 2009. 12 бет.
4. «Қазақстан Республикасында қазақ тілін білу деңгейлерін бағалау жүйесінің тұжырымдамасын». Білім және ғылым министрлігі, 2006 жыл.
5. Рапопорт И.А., Сельг Р., Соттер И. Тесты в обучении иностранным языкам: итоги двадцатилетнего эксперимента // Иностранные языки в школе. - 1989. - №6. - с. 19-24.

Рецензент: д.филол.н. Токоев Т.